

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жолаушылар көлігі мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 23 наурыздағы N 251

Жолаушылар көлігі саласында нарықтық қатынастарды жетілдіру, кәсіпкерлікті қорғау және қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жалпы пайдаланудағы қалалық жолаушылар көлігін монополиясыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 773 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тендерде жеңіп шыққан заңды және жеке тұлғалар белгілі бір бағытта (бағыттарда) жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыру құқығына келісім-шарт жасалғандығын растайтын куәлік алады".

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.19. N 29 қаулысымен.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі